

"Бюджеттік есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 495 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 08 қазандағы № 469 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 02 қарашада № 8873 тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексі 122-бабының 2-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

«Бюджеттік есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 495 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5962 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде 2010 жылы № 2, 368-құжат жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік есепке алуды жүргізу ережесінде:

7-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7-1. Жергілікті бюджеттердің атқарылуын күнделікті есепке алу үшін аумақтық қазынашылық бөлімшелері бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға электрондық тасығыштарда тиісті жергілікті бюджет бойынша жиынтықта 5-34А « Ақылы қызметтер, демеушілік, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы қалдықтар туралы есеп» нысанын ұсынады.»;

8-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қолма-қол ақшаны бақылау шоттарының толық жазылуы (ақылы қызметтердің, демеушілік, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың ҚБШ, нысаналық қаржыландыру, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі - Ұлттық қор) кеден одағының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарын, жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ, соманы анықтауға дейінгі шотты есепке алуға арналған);»;

10-тармақтың сегізінші және тоғызыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазынашылық комитетінің балансы БҚШ, республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ, сыртқы қарыздар шотындағы, ақылы қызметтердің, демеушілік, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастыру, Ұлттық қордың, нысаналы қаржыландыру ҚБШ, кеден одағының шотындағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы, жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ, шетел валютасының

түрлері бойынша шоттардағы, соманы анықтауға дейінгі шоттардағы, есеп айырысуларда ақша бойынша, ЖБ жетіспеушіліктері бойынша, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) салымдарына (депозиттеріне) орналастыру бойынша шоттардағы қалдықтарын көрсетеді.

Жергілікті бюджеттерін атқарылу балансы тиісті жергілікті бюджеттердің ҚБШ, ақылы қызметтердің, демеушілік, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың тиісті ҚБШ, ЖБ жетіспеушіліктері бойынша, Ұлттық Банк салымдарына (депозиттеріне) орналастыру бойынша шоттардағы, сыртқы қарыздар бойынша шоттағы және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы, жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ ақшаның қалдықтарын көрсетеді.»;

25-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3-шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

3 0 0 « Р Б Қ Б Ш » ;

3 0 1 « Ж Б Қ Б Ш » ;

302 «Сыртқы қарыздар бойынша шот»;

303 «Кеден одағының шоты»;

304 «РБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты»;

305 «ЖБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты»;

306 «Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ»;

310 «РБ ақылы қызметтерінің ҚБШ»;

311 «ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ»;

320 «РБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ»;

321 «ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ»;

330 «РБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ»;

331 «ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ»;

340 «Ұлттық қордың ҚБШ»;

350 «Нысаналы қаржыландыру ҚБШ»;

360 «Соманы анықтауға дейінгі шот»;

380 «ЖБ ҚБШ қаражатты тартуға арналған шот»;

390 «Түсімдердің жинақтау шоттары.»»;

мынадай мазмұндағы 27-5-тармақпен толықтырылсын:

«27-5. 306 «Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ» қосалқы шотында жергілікті өзін-өзі басқару шоттарындағы ақшаның қозғалысы есепке алынады.

Жергілікті өзін-өзі басқару шотына ақшаның түсуі 306 қосалқы шотының дебеті және 604 қосалқы шотының кредиті бойынша есепке алынады.

Жергілікті өзін-өзі басқару шотынан ақшаның жұмсалуды 504 қосалқы шотының дебеті және 306 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетілді.»;

47-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«5-шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

500 «Шығыстарды жүргізу»;

501 «ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу»;

502 «ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу» ;

503 «ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу»;

504 «Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу»;

510 «Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу»;;

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«48. Қазынашылық комитеті 500 «Шығыстарды жүргізу» қосалқы шотында республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-дан, ақылы қызметтердің, демеушілік, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, Ұлттық қордың, нысаналы қаржыландыру ҚБШ-дан, кеден одағының және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ҚБШ-дан, жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ-дан жүргізілген шығыстары есепке алады.

Жүргізілген шығыстар сомасының әрбір күніне 500 қосалқы шотының дебеті және 300, 301, 303, 304, 305, 306, 310, 311, 320, 321, 330, 331, 340, 350 қосалқы шоттарының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Кассалық шығыстарды республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ қалпына келтіру 300, 301 қосалқы шоттарының дебеті және 500 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

БҚШ бойынша жүргізілген шығыстар 100 «Бірыңғай қазынашылық шот» қосалқы шотының дебеті және 500 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.»;

48-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«48-1. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары есепке алады: «Шығыстарды жүргізу» 500 қосалқы шотында - жергілікті бюджеттің ҚБШ және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты бойынша шығыстары.

501 қосалқы шотында «ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу» ;

502 қосалқы шотында «ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу» ;

503 қосалқы шотында «ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу» ;

504 қосалқы шотында «Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу» ;

510 қосалқы шотында «Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу».

501 «ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу» қосалқы шотында ақылы қызметтерінің ҚБШ-ғы шығыстары есепке алынады.

Жүргізілген шығыстар сомасының әрбір күніне 501 қосалқы шоттың дебеті және 311 қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Кассалық шығыстарды ақылы қызметтерінің ЖБ ҚБШ қалпына келтіру 311 қосалқы шоттың дебеті және 501 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.»;

мынадай мазмұндағы 48-4-тармақпен толықтырылсын:

«48-4. 504 «Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу» қосалқы шотында жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ-ға шығыстар есепке алынады.

Әрбір күн үшін жүргізілген шығыстар сомасына 504 қосалқы шотының дебеті және 306 қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі. Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ-ға қассалық шығыстарды қалпына келтіру 306 қосалқы шотының дебеті және 504 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.»;

52-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«52-1. 6 «Түсімдер» шотында республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-дағы, сыртқы қарыздар бойынша шоттардағы, ақылы қызметтер, демеушілік, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, Ұлттық қор, нысаналы қаржыландыру ҚБШ-дағы, соманы анықтауға дейінгі және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы түсім бойынша операциялар есепке алынады.

6-шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

600 «Түсімдерді есепке алу»;

601 «ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ-сына түсімдерді есепке алу»;

602 «ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ-сына түсімдерді есепке алу»;

603 «ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-сына түсімдерді есепке алу»;

604 «Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ-сына түсімдерді есепке алу»;

610 «Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу».

600 «Түсімдерді есепке алу» қосалқы шотында Қазынашылық комитеті республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-дағы, ақылы қызметтер, демеушілік, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, Ұлттық қор, нысаналы қаржыландыру ҚБШ-дағы, соманы анықтауға дейінгі және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы түсімдерді есепке алады.

БҚШ бойынша жүргізілген түсімдер 600 қосалқы шотының дебеті және 100 «Бірыңғай қазынашылық шоты» қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар:

600 «Түсімдерді есепке алу» қосалқы шотында - жергілікті бюджеттің ҚБШ-сына және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шотына түсімдерді;

601 «ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ-сына түсімдерді есепке алу»;

602 «ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ-сына түсімдерді есепке алу»;

603 «ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-сына түсімдерді есепке алу»;

604 «Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ-сына түсімдерді есепке алу»;

610 «Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу» есепке алады.

601 «ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ-сына түсімдерді есепке алу» қосалқы шотында ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ-сындағы түсімдер есепке алынады.

ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша жүргізілген түсімдер 311 қосалқы шотының дебеті және 601 қосалқы шотының кредиті бойынша жүргізіледі.

602 «ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ-сына түсімдерді есепке алу» қосалқы шотында ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ-сына түсімдер есепке алынады.

ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша жүргізілген түсімдер 321 қосалқы шотының дебеті және 602 қосалқы шотының кредиті бойынша жүргізіледі.

603 «ЖБ ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-сына түсімдерді есепке алу» қосалқы шотында ЖБ ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-сына түсімдер есепке алынады.

ЖБ ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ бойынша жүргізілген түсімдер 331 қосалқы шотының дебеті және 603 қосалқы шотының кредиті бойынша жүргізіледі.

604 «Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ-сына түсімдерді есепке алу» қосалқы шотында жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ-сына түсімдер есепке алынады.

Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ бойынша жүргізілген түсімдер 306 қосалқы шотының дебеті және 604 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

610 «Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу» қосалқы шотында сыртқы қарыздар бойынша шоттағы түсімдер есепке алынады.

Сыртқы қарыздар бойынша жүргізілген түсімдер 302 «Сыртқы қарыздар бойынша шот» қосалқы шотының дебеті және 610 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.» ;

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«53. 9 «Нәтижелер» шотында сыртқы қарыздар бойынша, ЖБ ақылы қызметтері бойынша, ЖБ демеушілік, қайырымдылық бойынша, ЖБ ақшаны уақытша орналастыру бойынша, жергілікті өзін-өзі басқару бойынша жергілікті бюджеттердің атқарылу нәтижелері есепке алынады.

9-шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

900 «Бюджеттің атқарылу нәтижесі»;

910 «Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі»;

911 «ЖБ ақылы қызметтері бойынша атқарылу нәтижесі»;

921 «ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмек бойынша атқарылу нәтижесі»;

931 «ЖБ ақшаны уақытша орналастыру бойынша атқарылу нәтижесі»;

941 «Жергілікті өзін-өзі басқару бойынша атқарылу нәтижесі».

Жергілікті бюджеттердің атқарылу нәтижелерін анықтауға 900 «Бюджеттің атқарылу нәтижелері» қосалқы шоты арналған.

Қаржы жылының аяқталуы бойынша осы шотта түсімдер мен шығыстар сомалары көрсетіледі.

Нәтижелері жылдың аяғында 600 қосалқы шоты бойынша қалдықты 900 қосалқы шоттың кредитіне, ал 500 қосалқы шоты бойынша қалдығы 900 қосалқы шоттың дебетіне есептен шығару арқылы анықталады.

Бюджет түсімдері мен шығыстарын 900 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 600 және 500 қосалқы шоттары жабылады.

900 қосалқы шоты бойынша алынған кредит қалдығы бюджеттің атқарылу нәтижесі болып табылады.

Бюджет кодексінің 104 бабына сәйкес жыл басындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары 900 қосалқы шотта қалады.»;

мынадай мазмұндағы 53-5-тармақпен толықтырылсын:

«53-5. 941 «Жергілікті өзін-өзі басқару бойынша атқарылу нәтижесі» қосалқы шоты жергілікті өзін-өзі басқару бойынша атқарылу нәтижелерін анықтауға арналған. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін осы шотта түсімдер мен шығыстардың сомасы көрсетіледі. Нәтижелер жылдың аяғында 604 қосалқы шоты бойынша қалдықты 941 қосалқы шотының кредитіне, ал 504 қосалқы шоты бойынша қалдықты 941 қосалқы шотының дебетіне есептен шығару жолымен анықталады.

941 қосалқы шотына жергілікті өзін-өзі басқару бойынша түсімдер мен шығыстар есептен шығарылғаннан кейін 604 және 504 қосалқы шоттары жабылады.

941 қосалқы шоты бойынша алынған кредит қалдығы жергілікті өзін-өзі басқару бойынша атқарылу нәтижесі болып табылады.»;

8, 9, 10, 17, 18, 20, 21, 22, 23-қосымшалар осы бұйрықтың 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаменті (З.А. Ерназарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і н

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 0 8

қ а з а н д а ғ ы

№ 4 6 9 б ұ й р ы ғ ы н а

1-қосымша

Б ю д ж е т т і к е с е п к е а л у д ы ж ү р г і з у

ережесіне 8-қосымша

№ 1 нысан

Қазынашылық комитетінің балансы

20 ____ жылғы «__» _____

Өлшем бірлігі: мың теңге

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | | | |
|--|--|--|--|--|

| Актив | Жолдың коды | есепті жылдың басындағы | есепті күнге |
|---|----------------|----------------------------|-----------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| I. Қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және ұлттық валютадағы басқа шоттар | | | |
| РБ ҚБШ (300) | 1 | | |
| ЖБ ҚБШ (301) | 2 | | |
| Сыртқы қарыздар бойынша шот (302) | 3 | | |
| Кеден одағының шоты (303) | 3-1 | | |
| РБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты (304) | 3-2 | | |
| ЖБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты (305) | 3-3 | | |
| Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ (306) | 3-4 | | |
| РБ ақылы қызметтерінің ҚБШ (310) | 4 | | |
| ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ (311) | 5 | | |
| РБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ (320) | 6 | | |
| ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ (321) | 7 | | |
| РБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ (330) | 8 | | |
| ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ (331) | 9 | | |
| Ұлттық қордың ҚБШ (340) | 10 | | |
| Нысаналы қаржыландыру ҚБШ (350) | 11 | | |
| Соманы анықтауға дейінгі шот (360) | 12 | | |
| ЖБ ҚБШ қаражатты тартуға арналған шот (380) | 13 | | |
| Түсімдердің жинақтау шоттары (390) | 14 | | |
| II. Шетел валютасындағы шоттар | | | |
| Мемлекет меншігіне түсетін түсімдер шоты (400) | 15 | | |
| Аумақтық қазынашылық бөлімшелерінің шоты (410) | 16 | | |
| Кеден одағы шеңберіндегі түсімдер шоты (420) | 17 | | |
| Шетел валютасы бойынша басқа шоттар (430) | 18 | | |
| III. Есеп айырысулар | | | |
| Шығыстарды жүргізу (500) | 19 | | |
| Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу (510) | 20 | | |
| ЖБ қаражаттарын орналастыру жөніндегі есеп айырысулар (520) | 21 | | |
| ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есеп айырысулар (530) | 22 | | |
| Баланс | 23 | | |
| Пассив | Жолдың коды | есепті жылдың басындағы | есепті күнге |
| 1 | 2 | 3 | 4 |

| | | | |
|---|----|--|--|
| I. Ақшалай қаражаттар | | | |
| Бірыңғай қазынашылық шот (100) | 24 | | |
| Есеп айырысудағы ақшалар (110) | 25 | | |
| Шетел валюта түрлері бойынша корреспонденттік шоттар (120) | 26 | | |
| II. ҚР Ұлттық банкінде орналастырылған қаражат | | | |
| БҚШ орналастырған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер) (210) | 27 | | |
| ЖБ ҚБШ орналастырған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер) (220) | 28 | | |
| III. Түсімдер | | | |
| Түсімдерді есепке алу (600) | 29 | | |
| Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу (610) | 30 | | |
| IV. Нәтижелер | | | |
| Бюджеттің атқарылу нәтижелері (900) | 31 | | |
| Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижелері (910) | 32 | | |
| Баланс | 33 | | |
| Баланстан тыс шоттар | | | |
| Бюджеттік кредиттер (013) | 34 | | |
| Бюджеттік кредиттер бойынша субъектілердің берешегі (014) | 35 | | |
| Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша міндеттемелер (015) | 36 | | |
| Аккредитивтер (019) | 37 | | |

Б ю д ж е т т і а т қ а р у ж ө н і н д е г і
уәкілетті органның басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның
бюджеттік есепке алу бойынша
құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 0 8 қ а з а н д а ғ ы

№ 4 6 9 б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымша

Бюджеттік есепке алуды жүргізу

ережесіне 9-қосымша

№ 1-М нысан

Жергілікті бюджеттің атқарылу балансы

20__ жылғы «__» _____

(уәкілетті органның атауы)

Өлшем бірлігі: мың теңге

| Атауы | жолдың коды | есепті жылдың басындағы | есепті күнге |
|--|----------------|----------------------------|-----------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| I. Қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және ұлттық валютасындағы басқа шоттар | | | |
| ЖБ ҚБШ (301) | 1 | | |
| Сыртқы қарыздар бойынша шот (302) | 2 | | |
| ЖБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты(305) | 2-1 | | |
| Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ (306) | 2-2 | | |
| ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ (311) | 3 | | |
| ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ (321) | 4 | | |
| ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ (331) | 5 | | |
| II. Есеп айырысулар | | | |
| Шығыстарды жүргізу (500) | 6 | | |
| ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу (501) | 7 | | |
| ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу (502) | 8 | | |
| ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу (503) | 9 | | |
| Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу (504) | 10 | | |
| Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу (510) | 11 | | |
| ЖБ қаражаттарын орналастыру жөніндегі есеп айырысулар (520) | 12 | | |
| ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есеп айырысулар (530) | 13 | | |
| Ішкі есеп айырысулар (540) | 14 | | |
| Баланс | 15 | | |
| Пассив | Жолдың коды | есепті жылдың басындағы | есепті күнге |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| I. Есеп айырысулар | | | |
| Ішкі есеп айырысулар (540) | 16 | | |
| II. Түсімдер | | | |
| Түсімдерді есепке алу (600) | 17 | | |
| ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу (601) | 18 | | |
| | | | |

| | | | |
|--|----|--|--|
| ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу (602) | 19 | | |
| ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу (603) | 20 | | |
| Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ-сына түсімдерді есепке алу (604) | 21 | | |
| Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу (610) | 22 | | |
| III. Нәтижелер | | | |
| Бюджеттің атқарылу нәтижесі (900) | 23 | | |
| Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі (910) | 24 | | |
| ЖБ ақылы қызметтер бойынша атқарылу нәтижесі (911) | 25 | | |
| ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмек бойынша атқарылу нәтижесі (921) | 26 | | |
| ЖБ ақшасын уақытша орналастыру бойынша атқарылу нәтижесі (931) | 27 | | |
| Жергілікті өзін-өзі басқару бойынша атқарылу нәтижесі (941) | 28 | | |
| Баланс | 29 | | |
| Баланстан тыс шоттар | | | |
| Бюджеттік кредиттер (013) | 30 | | |
| Бюджеттік кредиттер бойынша субъектілердің берешегі (014) | 31 | | |

Б ю д ж е т т і а т қ а р у ж ө н і н д е г і
уәкілетті органның басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның
бюджеттік есепке алу бойынша
құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 0 8 қ а з а н д а ғ ы

№ 4 6 9 б ұ й р ы ғ ы н а

3-қосымша

Б ю д ж е т т і к е с е п к е а л у д ы жү р г і з у

ережесіне 10-қосымша

№ 2 нысан

Бірыңғай қазынашылық шотындағы

ақша қозғалысы туралы есеп

20___ жылғы «__» _____

(уәкілетті органның атауы)

Өлшем бірлігі: мың теңге

| | Ж о л коды | Сомасы |
|---|---------------|--------|
| 1 | 2 | 3 |
| Жыл басындағы ақша қалдығы | 100 | |
| Ақша түсімі - барлығы (201-212 жолдың сомалары): | 200 | |
| РБ ҚБШ | 201 | |
| ЖБ ҚБШ | 202 | |
| РБ, ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ | 203 | |
| РБ, ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ | 204 | |
| РБ, ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ | 205 | |
| Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ | 206 | |
| ҚР Ұлттық Банкінде орналастырылған қаражаттар | 207 | |
| Ұлттық қордың ҚБШ | 208 | |
| Нысаналы қаржыландыру ҚБШ | 209 | |
| Кеден одағының шоты | 210 | |
| Анықтауға дейінгі сомалар шоты | 211 | |
| РБ, ЖБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты | 212 | |
| Есеп айырысудағы ақшалар | 300 | |
| ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есеп айырысулар | 400 | |
| Ақша шығысы - барлығы (501-512 жолдың сомалары): | 500 | |
| РБ ҚБШ | 501 | |
| ЖБ ҚБШ | 502 | |
| РБ, ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ | 503 | |
| РБ, ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ | 504 | |
| РБ, ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ | 505 | |
| Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ | 506 | |
| ҚР Ұлттық Банкінде орналастырылған қаражаттар | 507 | |
| Ұлттық қордың ҚБШ | 508 | |
| Нысаналы қаржыландыру ҚБШ | 509 | |
| Кеден одағының шоты | 510 | |
| Анықтауға дейінгі сомалар шоты | 511 | |
| РБ, ЖБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты | 512 | |
| Есеп айырысудағы ақшалар | 600 | |
| ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есеп айырысулар | 700 | |
| Кезеңнің соңындағы ақша қалдығы (100 жол+200 жол +300, 400 жолдар-500 жол-600,700 жолдар) | 800 | |

Б ю д ж е т т і

а т қ а р у

ж ө н і н д е г і

уәкілетті органның басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның
бюджеттік есепке алу бойынша
құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____
(қолы) (қолды таратып жазу)

Қ а з а қ с т а н Республикасы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 0 8 қ а з а н д а ғ ы
№ 4 6 9 б ұ й р ы ғ ы н а

4-қосымша
Бюджеттік есепке алуды жүргізу
ережесіне 17-қосымша
№ 6 нысан

**Шетел валютасындағы шоттар бойынша операциялық
күннің жабылуы туралы есеп
20 ____ ЖЫЛҒЫ «__» _____**

(уәкілетті органның атауы)

Өлшем бірлігі: теңге, тиын

| № | Атауы | Кезең басындағы қалдық | Түсімдердің барлығы | Шығыстардың барлығы | Кезеңнің аяғындағы қалдық |
|---|--|------------------------|---------------------|---------------------|---------------------------|
| А | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Барлығы: | | | | |
| 2 | Мемлекет меншігіне түсетін түсімдер шоты | | | | |
| | | | | | |
| 3 | Аумақтық қазынашылық бөлімшелерінің шоты | | | | |
| | | | | | |
| 4 | Кеден одағы шеңберіндегі түсімдер шоты | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| 5 | Шетел валютасындағы басқа да шоттар | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның
құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____
(қолы) (қолды таратып жазу)

Қ а з а қ с т а н Республикасы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 0 8 қ а з а н д а ғ ы
№ 4 6 9 б ұ й р ы ғ ы н а

5-қосымша
Бюджеттік есепке алуды жүргізу
ережесіне 18-қосымша
№ 2-М нысан

**Жергілікті бюджеттің
ақша қозғалысы туралы есеп
20 ____ жылғы «__» _____**

(уәкілетті органның атауы)

Өлшем бірлігі: мың теңге

| | Ж о л коды | Сомасы |
|--|---------------|--------|
| 1 | | 2 |
| Жыл басындағы ақша қалдығы | 100 | |
| Ақша түсімі - барлығы (011-016 жолдың сомалары): | 010 | |
| ЖБ ҚБШ | 011 | |
| Ақылы қызметтерінің ҚБШ | 012 | |
| Демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ | 013 | |
| Ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ | 014 | |
| Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ | 015 | |
| ЖБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты | 016 | |
| Ақша шығысы - барлығы (021-026 жолдың сомалары): | 020 | |
| ЖБ ҚБШ | 021 | |
| Ақылы қызметтерінің ҚБШ | 022 | |
| Демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ | 023 | |
| Ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ | 024 | |
| Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ | 025 | |
| ЖБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты | 026 | |
| ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есеп айырысулар | 030 | |
| Кезеңнің соңындағы ақша қалдығы (100 жол+010 жол-020 жол+030 жолдар) | 200 | |

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның
 бюджеттік есепке алу бойынша
 құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____
 (қолы) (қолды таратып жазу)

Қ а з а қ с т а н Республикасы
 Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
 2 0 1 3 ж ы л ғ ы 0 8 қ а з а н д а ғ ы
 № 4 6 9 б ұ й р ы ғ ы н а
 6-қосымша
 Бюджеттік есепке алуды жүргізу
 ережесіне 20-қосымша

Бюджеттік есепке алу шоттарының жоспары

| Шоттар нөмірі | Шоттар атауы | Қосалқы шоттар нөмірі | Қосалқы шоттар атауы |
|---------------|--|-----------------------|--|
| 1 | Ақшалай қаражаттар | | |
| | | 100 | Бірыңғай қазынашылық шот |
| | | 110 | Есеп айырысудағы ақшалар |
| | | 120 | Шетел валюта түрлері бойынша корреспонденттік шоттар |
| 2 | ҚР Ұлттық Банкінде орналастырылған қаражаттар | | |
| | | 210 | БҚШ орналастырылған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер) |
| | | 220 | ЖБ ҚБШ орналастырылған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер) |
| 3 | Қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және ұлттық валютадағы басқа шоттар | | |
| | | 300 | РБ ҚБШ |
| | | 301 | ЖБ ҚБШ |
| | | 302 | Сыртқы қарыздар бойынша шот |
| | | 303 | Кеден одағының шоты |
| | | 304 | РБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты |
| | | 305 | ЖБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты |
| | | 306 | Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ |
| | | 310 | РБ ақылы қызметтерінің ҚБШ |
| | | 311 | ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ |
| | | 320 | РБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ |

| | | | |
|---|----------------------------|-----|--|
| | | 321 | ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ |
| | | 330 | РБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ |
| | | 331 | ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ |
| | | 340 | Ұлттық қордың ҚБШ |
| | | 350 | Нысаналы қаржыландыру ҚБШ |
| | | 360 | Анықтауға дейінгі сомалар шоты |
| | | 380 | ЖБ ҚБШ қаражатты тартуға арналған шоттар |
| | | 390 | Түсімдердің жинақтау шоттары |
| 4 | Шетел валютасындағы шоттар | | |
| | | 400 | Мемлекет меншігіне түсетін түсімдер шоты |
| | | 410 | Аумақтық қазынашылық бөлімшелерінің шоты |
| | | 420 | Кеден одағы шеңберіндегі түсімдер шоты |
| | | 430 | Шетел валютасы бойынша басқа шоттар |
| 5 | Есеп айырысулар | | |
| | | 500 | Шығыстарды жүргізу |
| | | 501 | ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу |
| | | 502 | ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу |
| | | 503 | ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу |
| | | 504 | Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу |
| | | 510 | Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу |
| | | 520 | ЖБ қаражаттарын орналастыру жөніндегі есеп айырысулар |
| | | 530 | ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есеп айырысулар |
| | | 540 | Ішкі есеп айырысулар |
| 6 | Түсімдер | | |
| | | 600 | Түсімдерді есепке алу |
| | | 601 | ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу |
| | | 602 | ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу |
| | | 603 | ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу |
| | | 604 | Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ-сына түсімдерді есепке алу |

| | | | |
|---|----------------------|-----|---|
| | | 610 | Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу |
| 9 | Нәтижелер | | |
| | | 900 | Бюджеттің атқарылу нәтижесі |
| | | 910 | Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі |
| | | 911 | ЖБ ақылы қызметтер бойынша атқарылу нәтижесі |
| | | 921 | ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмек бойынша атқарылу нәтижесі |
| | | 931 | ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру бойынша атқарылу нәтижесі |
| | | 941 | Жергілікті өзін-өзі басқару бойынша атқарылу нәтижесі |
| | Баланстан тыс шоттар | | |
| | | 013 | Бюджеттік кредиттер |
| | | 014 | Бюджеттік кредиттер бойынша субъектілердің берешегі |
| | | 015 | Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша міндеттемелер |
| | | 019 | Аккредитивтер |

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

0 8

қ а з а н д а ғ ы

№

4 6 9

б ұ й р ы ғ ы н а

7-қосымша

Б ю д ж е т т і к

е с е п к е

а л у д ы

ж ү р г і з у

е р е ж е с і н е 21-қосымша

БҚШ мен сыртқы қарыздардың негізгі операциялары бойынша қосалқы шоттардың корреспонденциясы

| № р/н | Операциялардың мазмұны | Қосалқы шоттардың нөмірлері | |
|----------|--|-----------------------------|------------------------|
| | | Д е б е т бойынша | К р е д и т бойынша |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Ұлттық валютадағы түсімдер | | |
| 1.1 | Жинақтау шотына арналған түсімдерді есепке алу | 390 | 600 |
| 1.2 | РБ, ЖБ, Ұлттық қордағы ҚБШ, анықтауға дейінгі сомалар шоттарындағы түсімдерді бөлу | 300, 340, 360 | 301, 390 |
| 1.3 | Сыртқы қарыздар бойынша шоттар түсімдері | 302 | 610 |
| 1.4 | Ақылы қызметтердің ҚБШ түсімдер | 310, 311 | 600 |
| 1.5 | Демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ түсімдер | 320, 321 | 600 |

| | | | |
|-------|--|---|----------|
| 1.6 | Ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ түсімдер | 330, 331 | 600 |
| 1.7 | Нысаналы қаржыландыру ҚБШ түсімдер | 350 | 600 |
| 1.8 | РБ ҚБШ-на түсімдер тасымалдары | 300 | 600 |
| 1.9 | РБ ҚБШ-нан түсімдер тасымалдары | 600 | 300 |
| 1.10 | Бюджеттен қайтарымдар | 390 | 300,301 |
| 1.11 | Анықтауға дейін сомалар шоттан түсімдерді ҚБШ арасында бөлу | 300,301, 340,310, 311,320, 321,330, 331 | 360 |
| 1.12. | Кеден одағының шотына түсетін түсімдер | 303 | 390 |
| 1.13. | Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттары бойынша түсімдер | 304,305 | 600 |
| 1.14 | Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ түсімдері | 306 | 600 |
| 2. | Ұлттық валютадағы шығыстар | | |
| 2.1 | РБ, ЖБ ҚБШ шығыстар | 500 | 300, 301 |
| 2.2 | Сыртқы қарыздар бойынша шоттар шығыстары | 510 | 302 |
| 2.3 | Кеден одағының шоттың шығыстары | 500 | 303 |
| 2.4 | Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттары бойынша шығыстары | 500 | 304,305 |
| 2.5 | Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ шығыстары | 500 | 306 |
| 2.6 | Ақылы қызметтердің ҚБШ шығыстары | 500 | 310, 311 |
| 2.7 | Демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ шығыстары | 500 | 320, 321 |
| 2.8 | Ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ шығыстары | 500 | 330, 331 |
| 2.9 | Ұлттық қордың ҚБШ Үкіметтің Ұлттық банктегі шотына аударылды | 500 | 340 |
| 2.10 | Нысаналы қаржыландырудың ҚБШ шығыстары | 500 | 350 |
| 2.11 | РБ, ЖБ ҚБШ кассалық шығыстарын қалпына келтіру | 300,301 | 500 |
| 3. | Операциялық күнді аяқтау | | |
| 3.1 | БҚШ бойынша шығыстарды жүргізу | 100 | 500 |
| 3.2 | БҚШ бойынша түсімдерді жүргізу | 600 | 100 |
| 4. | Депозиттерге орналастыру | | |
| 4.1 | БҚШ депозитке орналастыру | 100 | 210 |
| 4.2 | ЖБ уақытша бос қаражаттарын депозитке орналастыру | | |
| 4.2.1 | ЖБ уақытша бос қаражаттарын аумақтық қазынашылық бөлімшелеріндегі транзиттік шотқа тарту | 380 | 301 |
| 4.2.2 | Ұлттық банктегі депозитке транзиттік шоттан тартылған қаражаттарды аудару | 520 | 380 |
| 4.2.3 | Ұлттық банктегі депозитке БҚШ қаражаттарды есепке алу | 100 | 220 |
| 5. | Шетел валютасындағы операциялар | | |
| 5.1 | Шетел валютасы түсімдері | 400, 410, 420, 430 | 120 |
| 5.2 | Оң бағамдық айырма есептелді | 400, 410, 420, 430, | 120 |

| | | | |
|-------|---|-----|---------------------|
| 5.3 | Теріс бағамдық айырма есептелді | 120 | 400,410, 420,430 |
| 5.4 | Шетел валютасын аудару (аудару, қайта айырбастау, қолма-қол шетел валютасын беру) | 120 | 400,410, 420,430 |
| 6 | Сыртқы қарыздар бойынша жылдың жабылуы | | |
| 6.1 | Жылдың аяғында есептен шығару | | |
| 6.1.1 | Есепті қаржы жылындағы түсімдер | 610 | 910 |
| 6.1.2 | Есепті қаржы жылындағы шығыстар | 910 | 510 |

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

0 8

қ а з а н д а ғ ы

№

4 6 9

б ұ й р ы ғ ы н а

8-қосымша

Б ю д ж е т т і к

е с е п к е

а л у д ы

ж ү р г і з у

ережесіне 22-қосымша

Жергілікті бюджеттің негізгі операциялары бойынша қосалқы шоттардың корреспонденциясы

| № р/н | Операциялардың мазмұны | Қосалқы шоттардың нөмірлері | |
|-------|--|-----------------------------|-------------------------|
| | | Дебет бойынша | Кредит бойынша |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Ұлттық валютадағы түсімдер | | |
| 1.1 | ЖБ ҚБШ арналған түсімдер | 301 | 600 |
| 1.2 | ЖБ ақылы қызметтердің ҚБШ түсімдер | 311 | 601 |
| 1.3 | ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектен ҚБШ түсімдер | 321 | 602 |
| 1.4 | ЖБ ақшасын уақытша орналастырудың ҚБШ түсімдері | 331 | 603 |
| 1.5 | Сыртқы қарыздар бойынша шоттар түсімдері | 302 | 610 |
| 1.6 | Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттары бойынша түсімдер | 305 | 600 |
| 1.7 | Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ түсімдері | 306 | 604 |
| 2. | Ұлттық валютадағы шығыстар | | |
| 2.1 | ЖБ ҚБШ шығыстары | 500 | 301 |
| 2.2 | ЖБ ақылы қызметтердің ҚБШ шығыстары | 501 | 311 |
| 2.3 | ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектен ҚБШ шығыстары | 502 | 321 |
| 2.4 | ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ шығыстары | 503 | 331 |
| 2.5 | Сыртқы қарыздар бойынша шоттар шығыстары | 510 | 302 |
| 2.6 | ЖБ ҚБШ кассалық шығыстарын қалпына келтіру | 301, 321, 331 | 311, 500, 501, 502, 503 |
| 2.7. | Бюджеттен қайтарымдар | 600 | 301 |
| 2.8 | Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттары бойынша шығыстары | 500 | 305 |

| | | | |
|--------|--|---------------------|---------------------|
| 2.9 | Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ шығыстары | 504 | 306 |
| 3 | Депозиттерге орналастыру | | |
| 3.1 | ЖБ уақытша бос қаражаттарын ҚР Ұлттық банк салымдарына (депозиттерге) орналастыру | 520 | 301 |
| 3.2 | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) орналастырылған қаражатты ішінара немесе толық қайтару | 301 | 520 |
| 4 | Жетіспеушіліктер | | |
| 4.1 | Жетіспеушілік, ұрланған ақша қаражаты | 530 | 301,311, 321,331 |
| 4.2 | Жетіспеушілік, ұрланған ақша қаражатын өтеу | 301,311, 321,331 | 530 |
| 5 | Алшақтықтар | | |
| 5.1 | Түсімдер бойынша алшақтықтар сомасын көрсету | 510 | 540 |
| 5.2 | Түсімдер бойынша алшақтықтар сомасын есептен шығару | 540 | 510 |
| 5.3 | Шығыстар бойынша алшақтықтар сомасын көрсету | 540 | 500 |
| 5.4 | Шығыстар бойынша алшақтықтар сомасын есептен шығару | 500 | 540 |
| 6 | Жылдың жабылуы | | |
| 6.1 | Жылдың аяғында есептен шығару | | |
| 6.1.1 | есепті қаржы жылындағы түсімдер | 600 | 900 |
| 6.1.2 | есепті қаржы жылындағы шығыстар | 900 | 500 |
| 6.1.3 | есепті қаржы жылындағы түсімдер ЖБ ақылы қызметтердің | 601 | 911 |
| 6.1.4 | есепті қаржы жылындағы шығыстар ЖБ ақылы қызметтердің | 911 | 501 |
| 6.1.5 | есепті қаржы жылындағы түсімдер ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектен | 602 | 921 |
| 6.1.6. | есепті қаржы жылындағы шығыстар ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектен | 921 | 502 |
| 6.1.7 | есепті қаржы жылындағы түсімдер ЖБ ақшаларды уақытша орналастырудың | 603 | 931 |
| 6.1.8 | есепті қаржы жылындағы шығыстар ЖБ ақшаларды уақытша орналастырудың | 931 | 503 |
| 6.1.9 | есепті қаржы жылындағы түсімдер жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ бойынша | 604 | 941 |
| 6.1.10 | есепті қаржы жылындағы шығыстар жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ | 941 | 504 |
| 6.1.11 | есепті қаржы жылындағы түсімдер сыртқы қарыздар бойынша | 610 | 910 |
| 6.1.12 | есепті қаржы жылындағы шығыстар сыртқы қарыздар бойынша | 910 | 510 |

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

0 8

қ а з а н д а ғ ы

№

4 6 9

б ұ й р ы ғ ы н а

9-қосымша

| | | | | | | | | | | |
|----|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| 7 | Демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ | | | | | | | | | |
| | ЖБ Ақшаларды уақытша орналастыру ҚБШ | | | | | | | | | |
| | Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты | | | | | | | | | |
| | БҚШ өзін-өзі атқару | | | | | | | | | |
| 8 | Ұлттық қордың ҚБШ | | | | | | | | | |
| 9 | ҚР Үкімінің депозиттері | | | | | | | | | |
| 10 | Уақытша бос бюджеттік ақшалар шоты | | | | | | | | | |
| 11 | Есептеулердегі ақша қаражаты | | | | | | | | | |
| 12 | Анықтауға дейінгі сомалар шоты | | | | | | | | | |
| 13 | Кеден одағының шоты | | | | | | | | | |

Б ю д ж е т т і а т қ а р у ж ө н і н д е г і
уәкілетті органның басшысы _____
(қолы) (қолды таратып жазу)